

Краснооктябрь боксит кеніш басқармасы "Алюминий Қазақстана" акционерлік қоғамы филиалының шаруашылық-ауыз су тартуы үшін санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 желтоқсандағы № 543 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 қаңтарда № 3978 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

РҚАО ескертпесі.

Құжаттық мәтінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Краснооктябрь боксит кеніш басқармасы "Алюминий Қазақстана" акционерлік қоғамы филиалының шаруашылық-ауыз су тартуы үшін санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі директорының міндетін атқарушы

_____ Ю. Севостьянов

"Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігі Су ресурстары
комитетінің Су ресурстарын пайдалануды
реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-
Торғай бассейндік инспекциясы"
мемлекеттік мекемесі бастығының
міндетін атқарушы

_____ А. Қарабаев

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи
ресурстар және табиғат пайдалануды
реттеу басқармасы" ММ бастығы

_____ К. Төлеубаев

Таран ауданының әкімі

_____ Б. Өтеулин

Қамысты ауданының әкімі

_____ Е. Ахметов

Әкімдіктің
2012 жылғы 5 желтоқсандағы
№ 543 қаулысына қосымша

**Краснооктябрь боксит кеніш басқармасы
"Алюминий Казахстана" акционерлік қоғамы филиалының
шаруашылық-ауыз су тартуы үшін санитарлық
қорғау аймақтары**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің
25.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Су тарту көзінің атауы, ауданы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I-белдеу		II-белдеу		III-белдеу	
	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы
Бейімбет Майлин ауданы, Белинский шаруашы- лық- ауыз су тартудың № 7 (8) ұңғымасы	Радиусі -эр ұңғы- маның айнала- сында 50 метр	0,8 гектар	Ұзындығы –190 метр Барынша ені– 186 метр	3,5 гектар	Ұзындығы– 1546 метр Барынша ені –314 метр	48,5 гектар
Қамысты ауданы, Красногор	Радиусі		Ұзындығы			

шаруашылық-ауыз су тартудың № 1ц (01006э) ұңғымасы	-ұңғыманың айналасында 50 метр	0,8 гектар	-253 метр Барынша ені-392 метр	9,9 гектар	Ұзындығы-1706 метр Барынша ені-1450 метр	247,4 гектар
Бейімбет Майлин ауданы, Елтай шаруашылық-ауыз су тартудың № 45э, № 46э ұңғымалары	Ұзындығы-130 метр Ені-50 метр	0,7 гектар	Ұзындығы-5650 метр Барынша ені-1000 метр (Тобыл өзенінің акваториясын қамтумен)	565 гектар	Ұзындығы-5650 метр Барынша ені-1800 метр (Тобыл өзенінің акваториясын қамтумен)	1017 гектар

Ескерту: алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).